




«Бекітемін»
Мектеп директоры
Ж.К.Калиева
«31» 08 2023 жыл

«Келісемін»
Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Ж.А.Отарбаева
«31» 08 2023 жыл



Қыналғы негізгі орта білім беремін мектебiнiң
2023-2024 оқу жылына арналған педагог-психологтің оқушыларымен жылдық жұмыс жоспары

✓

«Бекітемін»
Мектеп директоры
_____ Ж.К.Калиева
«---» _____ 2023 жыл

«Келісемін»
Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
_____ Ж.А.Отарбаева
«___» _____ 2023 жыл



*Қыналы негізгі орта білім беретін мектебінің
2023-2024 оқу жылына арналған педагог- психологтің жылдық жұмыс жоспары*

2023-2024 оқу жылы

Түсінік хат

Еліміздің болашағы – ұрпақ тәрбиесінде, өркениет қоғам мен құқылы мемлекеттің қалыптасуы өскелең ұрпақтың рухани байлығы мен мәдениеттілігін, еркін ойлау қабілеті мен шығармашылығын, кәсіби біліктілігін қажет етеді. Сонау көне заманнан бастап, қазіргі кезеңге дейін, болашақта қоғам алдында тұрған ең бір жауапты міндет - қоғам мүшелерін адамгершілікке, отаншыл қасиетке тәрбиелеп, тиянақты білім беру. Мұндай жетістіктерге жету үшін, оқу - тәрбие үрдісімен бірге психологиялық қызметте жан - жақты қамтылып, жоспарлы түрде жүргізілуі керек. Сондықтан Қыналы негізгі орта білім беретін мектебі 2023 - 2024 оқу жылына арналған психологиялық қызмет жоспары **Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 17 наурыздағы № 68 бұйрығы негізінде құрылды.**

Психологиялық қызмет жоспары оқушылармен, мұғалімдермен, ата - аналармен жұмыс негізінде құрастырылды. Жоспар барысында диагностикалық жұмыстар, түзету – дамыту жұмыстары, кеңес беру жұмысы, ағартушылық жұмыстары, әлеуметтік диспетчерлік жұмыс бағыттары жүзеге асырылады. Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, психологиялық шаралар, тренингтер, сауалнамалар, зерттеу әдістемелері тәрізді жұмыс түрлері ұйымдастырылады.

Психологиялық қызметтің мақсаты – оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың психологиялық салауаттылығы үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

Ата – анамен жұмыс жасаудың мақсаты:

- Білім алушы мен ата – ана арасында тығыз достық қарым – қатынас құруына жағымды әсер ету, жалпы кластың білім мен даму процесіне ата – ананы баулу.

Мұғалімдермен жұмыстың мақсаты:

- Білім алушылардың дамуындағы психологиялық - педагогикалық мәселелерді бірігіп шешу.
- Білім алушының білім алуы мен дамуын қалыптастыруына ықпал ететін әлеуметтік – психологиялық ортаны жобалау және жүзеге асыру.
-

Психологиялық қызметтің жұмысы төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

Психологиялық диагностиканың мақсаты:

- Баланың тұлғалық немесе интеллектуалдық дамуындағы құндылықтарды анықтау. Психологиялық диагностика мәселені анықтау, жеке немесе топтық жоспарлау, әдістемелік құралдарды таңдау сатылары бойынша жүзеге асады.

Психологиялық түзету - дамыту жұмысының мақсаты:

- Білім алушының бойында «мен» тұжырымдамасын қалыптастыра отырып, психологиялық қолдау беру және жетістік ситуациясын орнату. Психологиялық диагностика жұмысының нәтижесі бойынша түзету - дамыту жұмысы жүргізіледі.

Психологиялық алдын – алу жұмысының мақсаты:

- Жасөспірімдердің психологиялық, эмоционалдық күйін реттей білу, зиянды әрекеттерден бойын аулақ ұстауға қалыптастыра отырып, салауатты өмір салтын ұстануға баулу.

Психологиялық кеңес беру жұмысының мақсаты:

- Білім алушы, ата – ана және педагогикалық ұжымға күнделікті туындайтын қиындықтарды шешуге және өзін – өзі жетілдіруге көмектесу. Психологиялық кеңес беру оқу мәселесі, жас ерекшеліктеріне байланысты туындайтын мәселелер, өзара қарым – қатынас құру, кәсіптік бағдар т.б. мәселелерге байланысты жүргізіледі.

Әдістемелік, әлеуметтік-диспетчерлік қызмет жұмысының мақсаты:

- Педагогикалық үрдіске қатынасушылардың психологиялық мәдениетін көтеріп, психологиялық білімге жұмылдыру шараларын ұйымдастыру.
- Білім алушының жас ерекшелігіне қарай оқыту, тәрбиелеу және рухани адамгершілік дамуына қолайлы жағдай жасай отырып, психологиялық денсаулығын қамтамасыз ету.

Психологиялық қызметтің міндеттері:

- *Білім беру ұйымында әр баланың психикалық және жеке дамуын қамтамасыз ететін психологиялық жағдайларды құру және қолдау;
- *Білім беру процесіне қатысушылардың жас, психологиялық және гендерлік ерекшеліктерін ескере отырып, тұлғаның зияткерлік және адамгершілік дамуын тиімді қамтамасыз ету;
- *Білім берудің барлық деңгейлерінің кеңістігіне жеке, мәдени, әлеуметтік - кәсіби даму бағыттарын кіріктіру.

Педагог-психологтың негізгі қызметтері: психологиялық білім беру (алдын алу, ағартушылық қызмет), психологиялық консультация, психологиялық диагностика, психологиялық түзету-дамыту, психологиялық жетелеу және әлеуметтік-психологиялық бейімдеу. Білім беруде мектеп климатын бағалау үшін индикаторларды әзірлеу (өмірлік қиын жағдайға тап болған білім алушыларға педагогикалық-психологиялық, әлеуметтік қолдау көрсету алгоритмін және жұмыс жоспарын дайындау), әдістемелік ұсынымдар даярлау.

№	Іс-шаралар	Жұмыстың бағыттары	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Орындалу нысаны	Жауаптылар	Орындалуы туралы белгі
I. Диагностикалау							
1	Керн Йерасек тесті: 1. Адамның суретін салу 2. Сөздер көшірмесі 3. Нүктелер көшірмесі	1-ші сынып оқушыларының бейімделуі, мектепке психологиялық дайындық деңгейін зерттеу	1 сынып	Қыркүйек		Педагог – психолог	Хаттама
2	Мектептік мотивация әдістемесі (Н.Г.Лусканов)	Сауалнама топтық	5 – 9 сынып	Қыркүйек		Педагог – психолог	Хаттама
3	А.Белов сауалнамасы	Тұлғаның темперамент типін анықтау	5 – 9 сынып	Қыркүйек		Педагог – психолог	Хаттама
4	Дасс сауалнамасы	Қорқыныш, стресс, депрессия деңгейін анықтау	8 – 9 сынып	Қыркүйек		Педагог – психолог	Хаттама
5	Р. Гудман сауалнамасы. Күшті жақтары мен қиындықтары (КЖК) (Жаһандық қызмет ету)	Жасөспірімдердің мықты жақтары мен қиындықтарын анықтау	5 – 7 сынып	Қазан		Педагог – психолог	Хаттама
6	Зунге шкаласы (Т.И.Балашова бойынша)	Білім алушылардың депрессияға жақын жағдайларын дифференциалды диагностикалауға бағытталған	6 – 7 сынып	Қазан		Педагог – психолог	Хаттама
7	«Социометрия» әдісі (Дж.Морено)	Бесінші сынып оқушылардың бастауыш буыннан орта буынға бейімделуі	5 сынып	Қазан		Педагог – психолог	Хаттама

8	Жасырын сауалнама	Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу Зорлық-зомбылықтың алдың алу.	5 – 9 сынып	Қараша		Педагог – психолог	Хаттама
9	Эмоционалдық жай күйін анықтау «Ағаш Баланың ерік саласындағы даму деңгейін анықтау әдістемесі» (Пип Уилсон)	Бастауыш сынып оқушыларының орта буында оқуға дайындығын диагностикалау	3 – 4 сынып	Қараша		Педагог – психолог	Хаттама
10	«Графикалық диктант» (Д.Б.Эльконин)	Баланың ерік саласындағы даму деңгейін анықтау	2 сынып	Қараша		Педагог – психолог	Хаттама
11	Біліктілікті зерттеу (Э.Ф.Замбацавичене) әдістемесі	Білім алушылардың ақыл – ой деңгейін анықтау, тұжырымдамалық, логикалық ойлауын қалыптастыру.	4 сынып	Желтоқсан		Педагог – психолог	Хаттама
12	Е.Климов әдістемесі	Зерттеу жұмысының қорытындысы арқылы оқушылардың қызығушылық бағыттарын анықтау.	9 сынып	Желтоқсан		Педагог – психолог	Хаттама
13	Спилбергер-Ханин тесті	Спилбергер-Ханин тесті Оқушылардың тұлғалық қобалжу деңгейін анықтау	9 сынып	Қаңтар		Педагог – психолог	Хаттама
14	«Кактус» әдістемесі	Сыналушылардың жеке ерекшеліктерін, жағымды және жағымсыз мінез – құлық бітістерін тануға бағытталады.	5 сынып	Қаңтар		Педагог – психолог	Хаттама
15	З.Королева (проекттивті әдістеме)	Аутодеструктивті әрекетке бейімділік	9 сынып (сұраныс бойынша)	Қаңтар		Педагог – психолог	Хаттама
16	Социометрия (Дж.Морено)	Қарым-қатынасты анықтауға арналған әдістеме	6 – 9 сынып	Ақпан		Педагог - психолог	Хаттама

17	«Басса дарки» сауалнамасы	Агрессия түрін анықтауға арналған сауалнама	9 сынып	Ақпан		Педагог - психолог	Хаттама
18	1. Социометрия (Дж.Морено) 2. Баспалдақ әдістемесі (В.Г. Щур) 3. Оқу мотивациясы (Н.Г.Лусканов) 4. Эмоционалдық жай күйін анықтау «Ағаш әдістемесі»	(Пип Уилсон) Бастауыш сынып оқушыларының орта буында оқуға дайындығын диагностикалау	4 сынып	Наурыз		Педагог – психолог	Хаттама
II. Түзету-дамыту жұмысы							
1	Бесінші сынып оқушыларының орта буынға кіруімен байланысты бейімделу бағдарламасы негізінде түзету-дамыту жұмыстары	Бесінші сынып оқушыларын орта буынға бейімдеу	5 сынып	Жыл бойы		Педагог – психолог	Хаттама
2	Қорқыныш сезімінен арылуға және өз-өзіне деген сенімділікті арттыруға арналған ойындар мен жаттығулар (1 сынып оқушыларын мектепке бейімдеу бағадраламасы негізінде)	1 сынып оқушыларын мектепке бейімдеу	1 сынып	Жыл бойы		Педагог – психолог	Хаттама
3	Буллингтің алдын алу бойынша тренинг.	Мектептегі буллингтің алдын алу жолдары.	8 – 9 сынып	Қараша		Педагог – психолог	Хаттама
4	«Менің сүйікті мектебім», оқушылармен ойын жаттығулары «Мен және менің достарым қандай?»	Мектепалды даярлық сынып оқушыларымен түзету-дамыту жұмыстары	Мектепалды даярлық сыныбы	Желтоқсан		Педагог – психолог	Хаттама

5	Түзету – дамыту жұмысы	Кәсіптік бағыт – бағдар беру	9 сынып	Желтоқсан		Педагог – психолог	Хаттама
6	Дарынды оқушылармен жүргізілетін түзету-дамыту жұмыстары	Тренингтер жинағы	Дарынды оқушылар	Жыл бойы		Педагог – психолог	Хаттама
7	Құқық бұзушылық және заңды жауапкершілік.	Құқық бұзушылықтың алдын алу және күресу жолдары.	8 – 9 сынып	Ақпан		Педагог – психолог	Хаттама
8	Үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілетін түзету-дамыту жұмыстары	Танымдық әрекеттерді дамыту бағдарламасы	Үлгерімі төмен оқушылар	Жыл бойы		Педагог – психолог	Хаттама
9	«Құпия дос» психологиялық акциясы	Педагогтардың бір – біріне деген құрметін, сүйіспеншілігін арттыру.	Педагогтар мен	Наурыз		Педагог – психолог	Хаттама

III. Профилактика және психологиялық ағарту

1	Тренинг: «Жас мамандарды өз кәсібіне ынталандыру»	Жас мамандарға арналған дөңгелек үстел	Жас мамандар	Қыркүйек		Педагог – психолог	Хаттама
2	«Буллинг. Кибербуллинг. Алдын алу әдістері»	Педагогтармен дөңгелек үстел	Педагогтар	Қазан		Педагог – психолог	Хаттама
3	«Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы»	Білім алушылардың логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін шыңдау.	5 – 9 сынып	Қараша		Педагог – психолог	Хаттама
4	«Әкеңнің төріне сенбе, еткен еңбегіне сен.»	Отбасы тәрбиесінде әкенің балаға тәрбиелік ықпалын арттыру	Әкелермен кездесу	Қаңтар		Педагог – психолог	Хаттама
5	«Емтихан» іскерлік ойыны	Емтихан кезінде оқушыларды өзінің мінез - құлқын және эмоцияларын басқара алуына үйрету, өзін-өзі бағалау деңгейін жоғарылату,	9 сынып	Ақпан		Педагог – психолог	Хаттама

		қобалжу сезімдерімен күресе білуге үйрету.					
6	Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бағдарламасы негізінде түзету-дамыту жұмыстары (БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы ұсынған бағдарламасы	Білім алушылармен түзету – дамыту жұмыстары	5 – 6 сынып	Наурыз		Педагог – психолог	
7	«Үштік одақ: міндет, ынтымақ, нәтиже.» Келеңсіз жағдайдың алдын алу жолдары.	Дөңгелек үстел	Педагогтар мен	Сәуір		Педагог – психолог	Хаттама
8	«Интернет: дос немесе жау» Желідегі қауіпсіздік.	Дөңгелек үстел	5 – 9 сынып	Сәуір		Педагог – психолог	Хаттама
9	«Отбасы – өмір аясы.»	Бала бойына сүйіспеншілік, мейірімділік, адамгершілік қасиеттерді ұялата білудегі отбасы мен мектептің маңыздылығын насихаттау.	Ата - аналармен	Мамыр		Педагог – психолог	Хаттама
IV. Консультация беру							
1	Сұраныс бойынша консультация беру						Хаттама
2	«Келеңсіз жағдайлардың алдын алу жолдары»	Жадынама	Педагогтар , ата – аналар	Жыл бойы		Педагог – психолог	Хаттама
3	«Мамандықты қалай таңдаймыз»	Кәсіби бейінді оқытудағы, оқушыларға мамандық таңдау бойынша психологиялық кеңес.	7-9 сынып	Наурыз		Педагог – психолог	Хаттама
4	Ата-аналармен жұмыс барысында мемлекеттік	Жадынама	Ата-аналар	Сәуір		Педагог –	Хаттама

	қорытынды аттестаттауға психологиялық жетелеу					психолог	
5	5 сынып оқушыларында кездесетін қиындықтар.	Кеңес	Ата-аналар, сынып жетекшілер, пән мұғалімдері	Сәуір		Педагог – психолог	Хаттама

V. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс

1	Оқу жылына жылдық жоспар құру	Жоспар құру	Мектеп психологы	Тамыз		Педагог – психолог	Хаттама
2	1,5 сынып оқушыларының бейімделуін анықтау	Сабакқа қатысу	1,5 сынып оқушылары	Қыркүйек		Педагог – психолог	Хаттама
3	«Тәуекел» тобындағы оқушыларды бақылау	Сабакқа қатысу	«Тәуекел» тобындағы оқушылар	Үнемі		Педагог – психолог	Хаттама
4	4 сынып сабақтастығын бақылау	Сабакқа қатысу	4 сынып оқушылары	Үнемі		Педагог – психолог	Хаттама
5	Кіріс-шығыс құжаттары бойынша арнайы мамандармен бірлесе атқару	Ақпарат	ДОДЖО, ДТДЖО, әлеуметтік педагог, медбике	Үнемі		Педагог – психолог	Хаттама

VI. Жыл бойынша психологиялық қызмет туралы талдамалық есептер

1	Жарты жылдық есеп жазу				Желтоқсан		Есеп жазу
2	2023-2024 оқу жылының				Мамыр		Есеп жазу

жылдық есебін жазу						
--------------------	--	--	--	--	--	--